

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ӘДІЛ СОТТЫҢ «АЛТЫН ҒАСЫРЫНЫҢ» ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



ШАПАК У.Ш.

ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖОҒАРЫ
МЕКТЕБІНІҢ ПРОРЕКТОР-
ДИРЕКТОРЫ
ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ДОЦЕНТ

Заңғар ғалым С. З. Зиманов «Қазақтың билер соты — бірегей сот жүйесі» деп аталатын еңбегінде «Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» болды ма?» деген сұрақты заң ғылымы алдына көтереді және тарихи деректерді, сол кездегі қоғамдағы ұлттық құндылықтарды ескере келе қазақ даласында тәртіптің, заңдылықтың, әділ соттың «Алтын ғасырының» болғанын дәйектейді [1, 76 б].

Жалпы қазақ дәстүрлі қоғамындағы тәртіптіліктің, заңдылықтың «алтын ғасыры» дегеніміз «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» — қоғамдағы құқықтық тәртіптіліктің, заңдылықтың, бейбіт заманның орныққанын, дәстүрлі қоғамды реттеуші демократиялық институттардың өзіндік реттеушілік қызметінің күштілігін, қуаттылығын білдіреді.

Сонымен, танымал ғалым «Әрбір халықтың тарихында оның жеткен жетістігі саналатын айнымас құбылыстар болады. Ондай сезімдер көбінесе ұлттық шеңбердің аясында көрші елдермен, жақын шетелдік этностармен қарым-қатынаста көрініс беріп отырған... Ежелгі қазақ даласындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» негізін құраған идеялар адами маңызы бар көшпелі өркениеттің өзгеше құбылысы болып табылады...» деп жазып кеткен [1, 83 б]. Кез келген халықтың дүниеге келгеннен бастап қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары — сол халықтың өмір сүрген тарихының ерекшелігін аша түседі. Өткен ғасырлардан, заманалардан бізге жеткен тарихи мұралар, дәстүрлік институттар бүгінгі ұрпақ үшін құпиясы мол, ұлттық танымды терең білуге жетелейтін нағыз қазына.

Еуразия даласындағы көшпелілер тарихы дүниежүзілік тарихтың ажырағысыз бір бөлігі. Көшпелілер өз кезегінде тек Еуразия даласында ғана емес, бүкіл әлемдік кеңістіктегі тарихи үдерістерге белсене қатысып, өз ізін қалдырды. Көшпелі қоғам және отырықшы қоғам бір кезеңде, бір кеңістікте қатарынан пайда болды және қатарынан дамыды десек артық бола қоймас. Көп жағдайда адамзат тарихын, қоғам және мемлекет дамуын отырықшы тұрғысынан бағалап, қоғамды тұйық өркениеттік ұйым ретінде қарастырып, оның адамзат өміріне деген орнын анықтап, тұжырым жасап жатамыз. Алайда, көшпелілер қоғамы өзіндік дүниетаныммен қызықтыратын эволюциялық дамуы бар, шынайы

қандық-туыстық, дәстүрлер, мәдени ерекшелігінің және экономикалық байланыстар негізінде тәуелсіз түрде құрылған, күрделі иерархиялық көпсатылы жүйеден тұратын қауымдастық.

Өткен мыңжылдықтар көлемінде көшпелілер Еуразия кеңістігінде бірнеше мәрте белгілі дәрежедегі тұрақтылығымен, баяндылығымен танылған күшті мемлекеттік құрылымдарды құра білді. Кейде олар шаруашылығы мен мәдени байланыстары, тіпті даму деңгейі әртүрлі тайпалар мен халықтар қоныстанған үлкен аумақтарды қамтыған империялар түріне де ауысып отырды.

Профессор С. Ф. Ударцев «қоғамнан туындаған құқықтық құбылыстар (адамның табиғи құқығы, әдет-ғұрып құқығы, шарттық құқық және т.б.), сонымен қатар тарихи дамуына байланысты әртүрлі нысанда қалыптасқан әлеуметтік сот билігі адамзат тарихында мемлекетке дейінгі және заң дамуына дейінгі кезеңге де жатпайды. Олар мемлекет пен заңның пайда болуына дейін де және кейін де болады» дейді [2, 289 б]. Сонымен қоса профессор С. Ф. Ударцев «әдет-ғұрып құқығы дегеніміз құқықтың ешқандай өтпелі нысаны емес, барлық құқықтық тарихты басынан өткеретін іргелі құбылыс. Дәстүрлік қасиетті бойына сіңірген қоғамы бар әлемнің кейбір аймақтарында әдет-ғұрыптық құқықтық жүйе әлі күнге дейін біртұтас қалыпта, заңнамалардан тыс, олармен сіңісіп кетпей жеке әрекет етеді» деген профессор Г.В. Мальцевтің пікірін қолдай келе, қоғамдық өмірдің өзіндік реттелу қызметін жүзеге асыратын сот органдарының тарихи нұсқасының бірі — қазақтардың билер соты деп жазады [3, 51 б., 2, 289 б].

Көшпелі құқық жүйесінің нормалары далалық «еркіндік», табиғи «әділеттілік» қағидаларын жетекшілікке ұстанған. Себебі көшпелі дала өркениетіне негізделген құқық жүйесі кең далада еркін өмір сүрген халықтың санасынан туындаған шынайы жүріс-тұрыс ережелерін бекітетін құқық нормалары мен көшпелі қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған құқық институттарынан (қылмыс пен жаза институттары, неке және отбасы институттары, мұрагерлік, жер қатынастарын құқықтық реттеу, билер соты және т.б.) тұрады.

Билер соты институты көшпелі өркениетке бейімделген, шешімі әділеттілікке, теңдікке

негізделген халықтың және жүгінген тараптардың көңілінен шығатын, қоғамға қолайлы, елгезек институт. Қазақ билер институтының тағы да бір ерекше қасиеті өзі реттеп отырған қоғамындағы өмірлік мән-жәйттерге байланысты билік шешім шығару арқылы сот прецедентін құрып, дәстүрлі қоғамды реттеуші құқық нысанын (қайнар көзін) қалыптастыруы. Демек, билер соты құқық қалыптастырушы, құқық шығарушы қызметін де жүзеге асырған.

Осыған орай профессор З. Ж. Кенжалиевтің қазақ қоғамындағы сот билігіне берген толыққанды сипаттамасына назар аударар кеткен жөн: «Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең кең тараған, халыққа барынша жақын әрі түсінікті, оның құрметіне бөленген және соған арқа сүйеген, сондықтан да мейлінше пәрменді әрі қуатты салаларының бірі еді. Оның үстіне, бұл сала мемлекеттік биліктен басқа арналарына қарағанда, шырқай дамыған, өз мүмкіндігін және қасиетін барынша мол ашып көрсете алған, ал кей-кейде жалпы мемлекеттік билікті тұтастай қамтып, оны жеке-дара өзіне саюға талпыныс жасаған...»

Сот билігінің көшпелілер қоғамындағы орнының биіктігі сонша, ол кейбір кездері хан билігінен де жоғары тұрған» [4, 91 б., 92 б.].

Әлбетте, көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігінің тізгінін билер және билер соты ұстады. Көшпелі дала өркениетіне негізделген құқық жүйесі кең далада еркін өмір сүрген халықтың санасынан туындаған, көшпелі қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған шынайы жүріс-тұрыс ережелерін бекітетін құқық нормалары мен адамгершілік нормаларының жиынтығы.

Көшпелі қазақ қоғамында әділ соттың және заңдылықтың «Алтын ғасырының» қалыптасуының алғы шарттарына тоқталатын болсақ, бастауын алыстан, тарихтан іздеген жөн. Жалпы алғанда, көшпелі қоғамдардағы саяси биліктің ұйымдасуы ерте мемлекеттілік және көшпелі көсемділік нысаны арқылы қалыптасқан. Ежелгі және ортағасырда орталық Азияда пайда болып, дамыған көшпелі қоғамдардың саяси ұйымдасуына әлеуметтік ұйымның көпсатылы иерархиялық сипаты; оның жоғарғы деңгейлеріндегі әлеуметтік ұйымының триадалық (сирек жағдайларда — дуальді) қағидасы; дәстүрлі қоғамдағы әскери демократиялық белгісі ықпал еткен. Аталған факторлар дәстүрлі қоғамның тұғырының қалануына үлкен әсерін тигізді. Сонымен қоса, дәстүрлі қоғамда өзін-өзі басқару механизмін қалыптастыруына ұйытқы болған билер институты. Ол көшпелі қоғам жағдайындағы сонау ерте замандардан бастау алатын әдет-ғұрып құқыққа негізделген сот билігінің қызметін, яғни қоғамдағы заңдылыққа сүйенген әділ сотты іске асырады.

С. З. Зиманов жоғарыда аталған еңбегінде Ш.У. Уалихановтың әділ сотты іске асырушы билердің беделін сипаттайтын белгі-нышандарына тоқталады: а) бидің соттық билігі оның «жеке беделіне» негізделді; ә) шешендік өнермен бірге соттық дәстүрлерді білуі қазақтарға «би» деген атақты берді; б) айыпталушыға қарсы күдіктенуден басқа нақты айғақтар болмаған жағдайда билер ант беруді қолданатын; в) билер оты жария түрде, ауызша өтетеін және барлық жағдайда қорғауға жол берілді; г) билер сотының басты ерекшелігі оның әртүрлі қатып қалған рәсімдерден аулақтығында; ғ) қазақтарда сот көне заманнан бітімгершілік қағидасына негізделеді [1, 79 б.].

Жалпы қазақ қоғамындағы билер сотының қызметі қоғам өмірінің келесі салаларын қамтиды: дәстүрлі қоғамдағы



” *СОТ БИЛІГІНІҢ КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫНЫҢ БИІКТІГІ СОНША, ОЛ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ ХАН БИЛІГІНЕН ДЕ ЖОҒАРЫ ТҮРҒАН*»

әлеуметтік топтардың арасындағы әлеуметтік байланыстарды, яғни қоғамдық қатынастарды құқықтық өрісте реттеу; дәстүрлі қоғам мен көшпелі мемлекеттің басқару билігі арасындағы қарым-қатынасты ретке келтіру; дәстүрлі қоғамның рухани мәдениетінің сақталуын, дұрыс және нақты тасымалдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы тұста айта кететін тағы бір жәйт, билерге жүгінетін адамның өзінің арының тазалығында, дәстүрлі қоғамда, өмір сүретін ортасындағы алатын орны да маңызды болып табылған. Демек, көшпелі қоғамда адам баласы дүниеге келгеннен бастап белгілі әлеуметтік ұяшықта өзіндік орны бар мүше болады. Мысалы, көшпелі дәстүрлі қоғамда отбасы институты өте дамыған, тәртіптелінген, біртұтас ұлт мәдениетін, құқық дәстүрін сақтаушы. Отбасында белгілі орынға ие болған бала, белгілі жасқа толған соң, қоғамды басқару, ұйымдастырудың көшпелілерге тән әскери ұйымның мүшесі бола алатын.

Ондық жүйе дегеніміз «Әскери тәртіптің үлкен ұйымдарының алға қойылған жалпы мақсаттарға қол жеткізу үшін рулар мен тайпалардың бірігуі кезінде ондыққа, жүздікке және мыңдыққа бөлінуінен пайда болған еді... Бұл ондық жүйе рулық байланыстарды толығымен жоққа шығарған жоқ, бірақ ол адамдардың шоғырланған тобына тәртіп енгізу арқылы бұл топты әскерге айналдыру арқылы ондық жүйе сияқты толықтыруларды енгізді» деп жазады Б.Д. Греков [5, 255 б.]

Сонымен бірге, көшпелі қоғамда әскери қатынастағы иерархиялық жүйе әлдеқайда пайдалы екендігін және өз жемісін бергенін айтпай кетуге болмайды. Олар сондай құрамдық санынан тұратын иерархиялық түрде ұйымдаспаған жүйеге қарағанда тез арада құрамдас бөліктерден пайда болады. Бұндай жағдайларда, тек қана қарапайым «орда» қағидасына негізделіп ұйымдастырылған көшпелілердің әскеріне қарағанда, иерархиялық қағида бойынша ұйымдастырылған көшпелілердің әскери құрылымы өте жинақы, қолайлы да икемді және түбегейлі айтатын болсақ, аса күшті тактикалық қару болатын.

Мінеки, қоғамда өз орнына ие тұлға билікке жүгіну үшін, бұзылған құқықтың құқықтық табиғатын толық түсіне отырып қана шағымдана алатын. З.Ж. Кенжалиевтің пікірімен айтсақ, билік сұрауға жарамды, өз әділдігі бар, құдайға құлшылық ете алатын, оның басына түскен әділетсіздік қоғамдағы тәртіпке мүлдем жат екенін сезгенде ғана биге шағым түсіре алады [2, 79 б.]. Мүмкіндік болса, бастарына түскен әділетсіздікті, теңсіздікті өз ортасында, туыстар, руластар арасында ақсақалдардың, жасы үлкен қадірлі адамдардың көмегімен дау-дамайға айналдырмауға тырысады. Демек, дәстүрлі көшпелі қоғамда өзін өзі реттеу үдерісі тұрақты, жүйелі қызмет атқарып отыруы, әділеттіліктің, заңдылықтың алғы шартын қалыптастыра алды. Ал енді еркім бұзылды, қоғамдағы әділеттілік, адамдар арасындағы теңдік бұзылды, қалпына келтіріп беріңіз деп барып жүгінетін «Алтын ғасырдағы» әділсот иелері билердің ұстанатын қағидаларын С.З. Зиманов былай деп анықтаған: а) бидің көшпелі қазақ қоғамының әдеттік-құқықтық жүйесінің негізгі нормалары мен логикасын жетік білуі (табиғи құқық нормалары мен жасанды заң норма-

лары. У.Ш.); ә) билер соты мен билердің адалдығы; б) соттық шешімдердің мәнін адамгершілік пен әділеттілік құрайды; в) соттың жариялылығы мен ашықтығы; г) билердің сот шешімін негіздеу мен дәлелдеудің құралы ретінде шешендік өнерді меңгеру; д) билер сотының тараптарды өзара татуластыруға бағытталуы [1, 82 б.].

Алайда, қазақ дәстүрлі қоғамымызда заңдылықтың және әділеттіктің «Алтын ғасыры» орныққан кезі XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың басында, яғни Тәуке хан басқарған тұсы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӨДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі. — Алматы: Ата мұра, 2008. — 216 б.
2. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. Он томдық. X том. // Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. Алматы: Жеті Жарғы, 2009.-591 б.
3. Мальцев Г.В. Очерк теории обычая и обычного права //Обычное право в России: проблемы теории, истории и практики. Ростов-на-Дону: Издательство Северо-Кавказской академии государственной службы, 1999.
4. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. — Алматы, 1997
5. Греков Б.Д. Киевская Русь. — М.: «Госполитиздат», 1953. — 649 с.

ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНДА
ҒАНА ЕМЕС БҮКІЛ
ӨЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ
ТАРИХИ ҮДЕРІСТЕРГЕ
БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСЫП,
ӨЗ ІЗІН ҚАЛДЫРДЫ.

